

2012 жылғы 3 мамырда Люксембургте қол қойылған Хаттамамен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2008 жылғы 26 маусымда Астанада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Люксембург Ұлы Герцогтігінің Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға толықтыру енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2020 жылғы 14 қазандағы № 367-VI ҚРЗ.

2012 жылғы 3 мамырда Люксембургте қол қойылған Хаттамамен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2008 жылғы 26 маусымда Астанада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Люксембург Ұлы Герцогтігінің Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға толықтыру енгізу туралы 2019 жылғы 14 қазанда Нұр-Сұлтанда және Люксембургте жасалған хаттама ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

2012 жылғы 3 мамырда Люксембургте қол қойылған Хаттамамен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2008 жылғы 26 маусымда Астанада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Люксембург Ұлы Герцогтігінің Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға толықтыру енгізу туралы хаттама

(2020 жылғы 6 қарашада күшіне енді – Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені, 2020 ж., N 6, 27-құжат)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Люксембург Ұлы Герцогтігінің Үкіметі,
2012 жылғы 3 мамырда Люксембургте қол қойылған Хаттамамен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2008 жылғы 26 маусымда Астанада қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Люксембург Ұлы Герцогтігінің Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға салынатын салықтарға қатысты қосарланған салық салуды болдырмау және салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияға (бұдан әрі - "Конвенция") толықтыру енгізуге ниет білдіре отырып, төмендегілер туралы келісті:

1-бап

Конвенцияның 10-бабы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. 2-тармақтың ережелеріне қарамастан, бір Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания төлейтін дивидендтерге егер дивидендтердің іс жүзіндегі иесі:

(a) Қазақстанда:

(i) Қазақстан Республикасының Үкіметі немесе орталық немесе жергілікті билік органы;

(ii) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі; немесе

(iii) Қазақстан Республикасының Үкіметіне толығымен тиесілі Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары арасында кей-кейде келісілуі мүмкін болатын кез келген басқа мекеме;

(b) Люксембургте:

(i) Люксембургтің Үкіметі немесе жергілікті билік органы;

(ii) Люксембургтің Орталық Банкі;

(iii) “Societe Nationale de Credit et d’Investissement” (Кредиттеу және инвестициялар жөніндегі ұлттық компания); немесе

(iv) Люксембургтің Үкіметіне толығымен тиесілі, Уағдаласушы Мемлекеттердің құзыретті органдары арасында кей-кейде келісілуі мүмкін болатын кез келген басқа мекеме болып табылса, салық екінші Уағдаласушы Мемлекетте ғана салынады."

2-бап

Уағдаласушы Мемлекеттердің әрқайсысы осы Хаттама күшіне ену үшін ұлттық заңнамаға сәйкес қажетті рәсімдердің аяқталғаны туралы екіншісін дипломатиялық арналар арқылы хабардар етеді. Конвенцияның ажырамас бөлігін құрайтын Хаттама осы хабарламалардың соңғысы алынған күннен бастап күшіне енеді және екі Уағдаласушы Мемлекетте осы Хаттама күшіне енген жылдан кейінгі күнтізбелік жылдың бірінші қаңтарынан бастап немесе одан кейін басталатын салық салынатын кезеңдер үшін қолданылады.

Осыны куәландыру үшін тиісті түрде уәкілеттік берілген төменде қол қоюшылар осы Хаттамаға қол қойды.

Француз, қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде екі төлнұсқа данада жасалды, барлық мәтіндердің күші бірдей.

*Нұр-Сұлтан, 2019ж.14 қазан
Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін Үкіметі үшін*

*Люксембург, 2019ж.14 қазан
Люксембург Ұлы Герцогтігінің*

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Бұдан әрі Хаттаманың француз және ағылшын тіліндегі мәтіні берілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК